АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА АКТОБЕ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ
Ақтөбе қаласы
20 18 жылғы 24. 12 № 7577

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
город Актобе

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №395 «Ақтөбе қаласының басқару схемасын бекіту туралы» шешімін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы №608 «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» бұйрығына, Ақтөбе қалалық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №395 шешіміне сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Біріктіру жолымен келесі мемлекеттік мекемелер қайта ұйымдастырылсын:

1) «Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі» ММ және «Ақтөбе қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ «Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ болып;

2) «Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ және «Ақтөбе қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ «Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ болып;

3) «Ақтөбе қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ және «Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі» ММ «Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ болып.

2. Жоғарыда аталған мемлекеттік мекемелердің басшылары осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

065188

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы С.Б. Нәбиге жүктелсін.

Қала әкімі **І.Испанов**